



№94 (9877)  
26 қараша,  
сенбі  
2022 жыл  
Газет  
1934 жылғы  
10 қаңтардан  
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

# Жалағаш

## Жаршысы



### Сайлау – 2022:

#### Жалағаштықтар жауапкершілік көрсетті

Кеше аудан әкімі Асқарбек Есжановтың төрағалығымен ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауының қорытынды жиыны өтті. Басқосуда аудан басшысы алдымен саяси науқанда сырбойылықтардың, оның ішінде жалағаштықтардың да белсенділік танытқанын тілге тиек етіп, қатысушыларға алғысын білдірді.



– Жексенбідегі саяси науқанда Сыр елі сыр алдырмады, ал өзіміздің жалағаштықтар жауаптылық танытты. Бұл аймақтың, жалпы аудан жұртының ел болашағына бейжай қарамайтынын аңғартады. Баршаңызға кешегі саяси науқанның жоғары деңгейде өтуіне атсалысқандарыңыз үшін алғыс білдіремін, отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық, елімізге береке, бірлік тілеймін, – деді аудан әкімі Асқарбек Темірбеқұлы.

Мұнан кейін аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев пен билер кеңесінің төрағасы Кенжеғара Сүлейменов ағаларымыз сөз алып, кешегі саяси науқанның маңыздылығына тоқталды.

Расында сайлауда жалағаштықтар белсенді болды. Бұл сөзімізді саяси науқан күні әрбір сайлау учаскесінде жағдай растайды. Күннің қай мезгілінде болсын өз таңдауын жасауға келген халық көп болды. Бастысы, ел болып ауызбіршілікпен сайлауды өз деңгейінде өткіздік.

Айта кетейік, саяси науқанның қорытындысымен Қызылорда облысы халқының белсенділігі бойынша Қазақстанда екінші орыннан табылса, Жалағаш ауданы аймақта көш бастады.

Жиында Асқарбек Есжанов жексенбідегі сайлауда саяси науқанның заң аясында және жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан бірқатар азаматты аудан әкімінің алғыс хатымен марапаттады.

“ЖОЖ” ақпарат

### Бәрекелді!



## Елдің талап-тілегі ескерілді

Таң атысымен тілшілік тіршілікпен жолға шықтық, бағытымыз – аудан орталығынан шалғай жатқан Жаңадария ауылы. Президент Жарлығынан кейін әкімдердің елді мекен халықтарымен тоқсан сайын кездесуі дәстүрге айналды ғой. Бастысы, бұның бұқараға пайдасы болмаса, зияны жоқ, қазір оған мысал келтіру үшін қыр асудың да қажеті шамалы. Ауданның өзінде өңір басшысы Асқарбек Есжановтың халықтың талап-тілегіне ден қоюының арқасында біршама мәселе шешімін тауып жатыр.

Аудан әкімі бұған дейін де Жаңадарияға ат ізін салған. Ондағы халықтың талап-тілегіне құлақ түріп, шамашарқынша елдің мәселесін шешуді ертеңге қалдырмайтынын жеткізген. Жылдың үшінші тоқсанында жаңадариялықтар іргесіндегі Есет батыр мен екі ортаны жалғайтын жолдың мәселесін көтерген еді. Мұнан бөлек елді мекендегі білім ошағының қазіргі жайы да елдің талап-тілегіне арқау болған. Кеше ауылға алып баратын 17,1 шақырым жолдың бойында құрылыстың қарқын алғанына күе болдық. Ал кездесуде Асқарбек Темірбеқұлы ауыл мектебінің күрделі жөндеуіне қатысты сметалық құжат келер жылы әзірленетінін айтып, елдің еңсесін бір көтерді.

Айтпақшы Жаңадарияда жол құрылысы мұнымен шектеліп отыр. Әлігінде айтқан 17,1 шақырым жолдың 5 шақырымға жуығы биыл асфальтталды, оған 100 млн теңге қаралып, жол құрылысы басталып кетті. Ал келер жылы шалғай ауылда тағы 3 ішкі көшенің құрылысына сметалық құжаттар әзірленеді екен.

Жалпы келер жылы Жаңадарияда жүзеге асатын жобалар мұнымен шектелмейді. Біз тек өткен тоқсанда халықтың қай талап-тілегіне жұмыс жасалды, осы сауалдың түйінін тарқаттық. Бастысы, жаңадариялықтар атқарылған жұмыстарға, алдағы мақсат-міндеттерге риза.

Иә, ауыл халқының негізгі тіршілік көзі мал шаруашылығына тікелей тәуелді. Бір жағынан шалғайдағы ағайынның ауласына, сыртқа да бақша салатыны тағы бар. Осыған дейін сайға егін салған жаңадариялықтар, қырдағы алқапқа бақша өсіру үшін аяқ судың қиынға соққанын жеткізген еді. Одан бері «Іңкәрдария» каналы қазылып, аяқ суға қатысты елдің талап-тілегі ескерілді. Бірақ мұнымен халықтың мәселесі толық шешімін тапқан жоқ. Асқарбек Темірбеқұлы келер жылы да бұл бағытта тиісті жұмыстар жасалатынын жеткізді. Тіпті елдің алдында жауапты азаматтарға тиісті тапсырмасын берді де.

– Негізінен ауыл халқының басым бөлігі мал шаруашылығымен күнелтіп отыр. Гектарлап бақша егетіндері де жоқ емес. Бірақ ол маусымдық жұмыстар екенін жақсы білесіздер. Ауылда ауыз су толық жаңғыртылған. Электр желісі де жаңаланған. Биыл бір көшемізге асфальт төселді. Келер жылы бұйыртыса, тағы 3 көшемізге жөндеу жұмыстары жүреді деп күтілуде. Жалғыз мәселеміз бар еді. Ол – ауылдағы білім ошағының жайы. Мектепті күрделі жөндеуден өткізуге бұйыртыса, келер жылы тиісті жұмыстар жасалатын болды. Келер жылы да Жаңадарияда жарқын жобалар жүзеге асқалы отыр. Бұрын ауылдан аудан немесе облыс орталықтарына қоныс аударушылар көп болса, қазір керісінше

бұрын көшіп кеткендер ауылға қайтып келіп жатыр, – дейді Жаңадарияның әкімі Асхат Есқалиев.

Асекеңнің сөзіне алып-қосарымыз жоқ. Расымен соңғы жылдары аудан әкімінің елді мекендер еңсесін тіктеуге бағытталған жарқын жобаларының жемісін ауданға қарасты кез келген ауылдық округтен бағамдауға болады. Бір ғана шалғайдағы Жаңадария ауылын алып қарайық, елді мекен құрылысы осыған дейін ешқандай көшесіне жөндеу жұмыстары жүрмеген десе де болады. Биыл аталған ауылда орталық көшеге асфальт төселуі ауыл тарихында болмаған жағдай екенін біз жақсы білеміз.

Иә, қазір бұрынғыдай емес, кез келген көшесін аралап, халықтың әлеуетімен танысқан адам Жаңадарияның екінші тынысы ашылғанын байқайды. Ал келер жылы жүзеге асатын жобалар елдің қуанышын еселері анық. Бастысы, халық риза.

Аламесек те – аудан орталығынан шалғай жатқан ауылдардың бірі. Екі мыңға жуық халқы бар елді мекеннің бұйыртыса, келер жылы екінші тынысы ашылғандай. Биыл да Есет батырда еңселі жобалар жүзеге асты. Әсіресе жергілікті шаруашылықтардың демушілігімен бірнеше ойын алаңының пайдалануға берілуі Балалар жылында бүлдіршіндерге базарлық болғандай. Жылдың бірінші жарты жылдығында

аламесектің ағайын ауылдық емхана ғимаратына қатысты мәселе көтерген. Көне нысан мұнда келген науқастардың ем алуына да, абзал жандардың емдік шаралар көрсетуіне де қолайсыз екен. Оны Асқарбек Есжанов та барып көрді. Көп ұзамай бұл мәселені шешуге тырысатынын жеткізіп, кез келген мәселенің шешімі қаражатқа байланысты болғандықтан толық уәде берген жоқ. Арық сөйлеп, семіз шығатын өкім бүгін ауыл халқымен кездесуге сүйінші жаңалықпен келіпті. Бұйыртыса, келер жылы ауылдағы абзал жандар жұмысын жаңа нысанда жалғастырады. Яғни 2023 жылы Аламесекте ауылдық емхана құрылысы басталады.

Шыны керек, ауылдағы ішкі көшелердің бөрінің бүгінде тозығы жеткен. Бұған қатысты да келер жылы Есет батырда жол құрылысы қарқын алғалы тұр. Ал ауылға кіреберістегі көпірдің маусымда халыққа қандай мәселе болғанын айтпаса да белгілі. Кеше көпір құрылысының да тәмамдалғанын көріп, қуанып қалдық. Жол құрылысынан бөлек келер жылы ауылда ауыз су жүйесін кеңейту, электр желісін жаңғырту қолға алынады. Тізе берсек, ауылда алдағы жылы жүзеге асатын жарқын жобалар жетерлік. Бастысы, халықтың атқарылған істерге берер бағасы жоғары.

Бүгін ауылдағы ағайын аудан әкімімен кездесуде уәделік полиция инспекторының қызметтік көлігі болса деген талап-тілегін жеткізді. Аудан әкімі келер жылы көктемнің соңына дейін бұл мәселені шешуге жұмыс жасалатынын айтты.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

### БАСПАСӨЗ – 2023

#### ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүрде. Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбеңіз.

Индекс	Басылым атауы	Жазылу мерзімі	Бағасы
65460	Сыр бойы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15460	Сыр бойы (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65461	Қызылордискіе весті (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15461	Қызылордискіе весті (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65425	Ақмешіт жастары (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2000 тг
65463	Ақмешіт апталығы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15463	Ақмешіт апталығы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65019	Жалағаш жаршысы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15019	Жалағаш жаршысы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65878	Халық (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3000 тг

СҮЙІКТІ БАСЫЛЫМЫҢЫЗҒА ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ!

## Қазыналы қарттар құрмет төрінде

**ОБЛЫСТЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ СЕРІК ДҮЙСЕНБАЕВ, ТӨРАҒАНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ӨМІРБЕК ШӘМЕНОВ, ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ЕСЖАНОВ, ЖАЛАҒАШ АУДАНЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ САДЫҚ ӘЛИЕВ ЖӘНЕ БИЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ КЕНЖЕҒАРА СҮЛЕЙМЕНОВ М.ШӘМЕНОВ АУЫЛЫНДАҒЫ СЕКСЕН ЖЕТІ ЖАСТАҒЫ ҚАРИЯ, ЕҢБЕК АРДАГЕРІ ҚАЮПОВА АЛТЫНАЙДЫҢ ОТБАСЫНА БАРЫП, СӘЛЕМ БЕРДІ.**



Саналы ғұмырын ауыл шаруашылығында еңбек етуге арнаған қария 1935 жылы наурыз айында дүниеге келген. Өзінің еңбек жолында шаруашылықта мал бақты, күріш екті, дала қосында еңбек етті. Өмірінің отыз жылдан астам уақытын туған жерді көркейтуге жұмсаған. «Еңбек Қызыл Ту» орденінің, бірнеше медальдардың иегері болған ардагер шынайы құрметке лайық.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев қарияның кеудесіне «Қызылорда облысының Құрметті ардагері» төсбелгісін тағып, иығына қамзол жапты. Сондай-ақ «Мега-Агро» жауапкершілігі шектеулі

серіктестігінің төрағасы Манарбек Еспанов та өз сый-құрметін көрсетті.

Облыс орталығынан келген қоңақтар М.Шәменов ауылынан шығып, ат басын Мырзабай ахун ауылына бұрды. Ауылдағы №122 орта мектептің мөжіліс залында дәл сол күні 80 жасқа толып отырған еңбек ардагері Амангелді Арунұлы марапаттау шарасы өтті.

Амангелді Арунұлы 1942 жылдың 24 қарашасы күні дүниеге келді. Ауылдағы «Қызылдиқан» жеті жылдық мектебінде білім алды. Аудан орталығындағы Сталин мектебінен

он жылдықты бітірді. Мектеп бітіргесін Қазалы ауыл шаруашылығы техникумының агрономия бөліміне оқуға түсіп, агроном мамандығын алды. Кейін Алматы ауыл шаруашылығы институтын бітірді.

Еңбек жолын 1962 жылы колхозда агроном болып бастады. Кейін Аққұм совхозында бас агроном, Мәдениет совхозында бас экономист, бастауыш партия ұйымының хатшысы, Мырзабай ахун ауылында кәсіподақ комитетінің төрағасы, бас бухгалтер қызметтерін абыроймен атқарды. 2005 жылы зейнет демалысына шықты. Бұл күнде кіндігінен өрбіген балаларының қызығын көріп, немерелерін

тәрбиелеп отырған қарияның өмір жолы кейінгілерге үлгі-өнеге.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев қарияның кеудесіне «Қызылорда облысының Құрметті ардагері» төсбелгісін тағып, шапан жауып, құрмет көрсетті.

Ал ауыл тұрғындары қадірлі еңбек ардагерін дүние дидарын көрген күнімен құттықтап, ат мінгізді.

Үлкенді құрметтеп, кішіге қамқор болу – халқымыздың ежелден келе жатқан игі дәстүрлерінің бірі. Бұл жас ұрпақтың бойында ізгілікті оятатын, тәрбиелік мәні бар, тағылымды шара болды.

Е.СОЗАҚБАЕВ

# Жарқын жобалар елді мекендер еңсесін тіктейді

Иә, биыл үлкен жолдың бойындағы Еңбекте 3 көшенің сапасына мән берілген. Аудан әкімінің халықпен кездесуіндегі сөзінен алдағы 2 жылда тағы да бұл ауылда жол құрылысы қарқын алатынын аңғардық. Осылайша Асқарбек Есжанов 2025 жылы жол сапасына қатысты Еңбекке қайта оралуды жөнсіз дейді. Президент жергілікті әкімдердің жұмысын жол сапасына қарап бағалайтынын айтқан. Біздегі жол құрылысының қарқын алғанын ескерсек, Асқарбек Темірбекұлының бұл бағытта біршама іс тындырғанын аңғарамыз.



Бүгінгі кездесуде елдің ішінде айтарлықтай мәселе байқамдық. Тек ақсақалдар жағы аяқ су келетін каналдар қазылса деген талап-тілегін жеткізді. Бұл мәселеге де жұмыс жасалатын болды.

Аққошқарда не мәселе болсын, шаруамен ширап, тұтас бір елді мекеннің еңсесін тіктеген Шакизатхандай азаматы бар ауыл осылай болуы керек. Әр жыл сайын еңбеккерлеріне 100 млн теңге сыйақы үлестіреді. Кеше қос отбасына екі баспананың кілтін табыстапты. Тағы бірі темір тұлпар тақымдаған. Әлеуметтің өлеуеті нық Еңбекте ақсақалдар екімі батасымен шығарып салды.

Еңбекте ауыл шаруашылығының қос саласы да қарқынды дамыған. Күріштен тау тұрғызыған ауыл халқы мал шаруашылығына да бейім. Кәсіпкерлік саласының да дамуы жаман емес. Әлеуметтік нысандар сапасында мәселе жоқ. Жол мәселесі алдағы 2 жылда толық шешімін табады. Ауыз су жүйесі жаңа, электр желісінде мәселе жоқ. Мектебі күрделі жөндеуден өткен, кіреберіс жол асфальтталған. Осында шаруа атқарылғанын кейін ауыл халқының аудан басшысына алғыс айтамын дей реті бар.

– Биыл үш ішкі көшенің сапасына мән берілді. Келер жылы да аудан басшысы ауылда жол құрылысының қарқын алатынын айтып, елді қуантты.

Ауылдағы шаруашылық төрағасы Шакизатхан Ысқақов ағамыз да ауылдың абаттануына, әлеуметтік өлеуетінің артуына жұмыс жасап жатыр. Аппал азамат ауылда жүзеге асатын кез келген жұмысқа демеушілік етуді дәстүрге айналдырып келеді. Биыл қос отбасына баспана кілтін табыстады. Бір азамат сұжаңа темір тұлпар тақымдады. Мұның бәрі ауыл халқының тұрмыс сапасына бірінші кезекте оң әсерін тигізеді, – дейді ауыл әкімі Қайролла Қалданов.

Расында Шакизатхан Ысқақовтың дала дарабоздарының еңбегін лайықты бағалайтынын бұған дейін де көргенбіз. Тіпті бір жылдары 72 млн теңгедің еңбеккерлеріне сыйақы үлестіргеніне куә болдық. Мұнан кейін шаруашылық еңбеккерлері қыстай келтінін мұза қайрап баптады екен. Енді басшылық тарапынан әлгіндей қолдау болса, олардың үлкен шабытпен жұмыс жасайтыны айтпаса да белгілі ғой. Ауыл атына заты сәлі. Халқы бейнеткеш, төрағасының қолы ашық, жүрегі кең. Бірлікті ту өткен елді мекенде әлі талай жарқын жобалар жүзеге асатынына сеніп біз қайттық.

Елді мекен тұрғындарымен кездесіп, атқарылған алда атқарылатын жұмыстарды кеңінен тарақтан аудан әкімі Асқарбек Есжанов тұсауа Аққұм ауылына аялдады. Ауылдық клубта бас қосқан аққұмдық ағайын ауданның

билығы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы мен 2023 жылғы міндеттерін хабардар болды.

Ауданда атқарылған іс аққұмдық, кезекте тұрған мәселе де жоқ емес. Зерттеу-зертделу барысында ауданда ең өзекті мәселелер қатарында бірқатар ауылдарда ауыз су жүйесін кеңейту, жол құрылысы, көпірлерді жөндеу, Жалағаш кентіне жақын ауылдарды газдандыру, жарықтандыру мәселесі тұр. Осыған орай аудан басшысы алдымен ауыз судың шешілу түйінін тарқатты.

– Ауыз су желілері бойынша ауданда 4 жоба жүзеге асуда. Атап айтсақ, Аққұм елді мекенінде су тарату жүйесін аулашылқ су тарату желісін кеңейту, тұтынушыларға су тарату желісінің құрылысы, Жалағаш кентінде Ақтерек-170 га учаскесінде су ұңғымалары және су жинау-тарату көшенің құрылысы, Жалағаш кентінде Ақтерек-170 га учаскесінде инженерлік инфрақұрылымның сумен жабдықтау жүйесінің құрылысы, Мәдениет елді мекенінде су тарату жүйесін аулашылқ су тарату желісін кеңейту, тұтынушыларға су тарату желісінің құрылысы жүргізілуде. Жалпы аудан тұрғындары 100 пайыз ауыз сумен қамтамасыз етілген, – деген өңір басшысы жол құрылысы бойынша да 9 жоба, көпірлерді жөндеу, тұрғын үйлерді күрделі жөндеу, газдандыру,

жарықтандыру бойынша 4 жоба, абаттандыру бағытында да бірқатар жобаларды атады.

Аудан әкімі Асқарбек Есжанов алдымен ішкі көшелерге, яғни алдағы бірнеше жылда Аққұмдық бірнеше көшенің сапасына мән берілетінін айтты. Тіпті ол ауданның даму жоспарында да қамтылған. Демек бұл мәселе шешімін тауып, халықтың талап-тілегі орындалатын күннің де ауылы алыс емес секілді. Ал ауылдағы жарықтандыру жұмысы қолға алынса, елді мекенге көгілдір отын кіргізу жобасының қолға алынатыны аққұмдықтарды қуантты. Биылдың өзінде көңт іргесіндегі Ақсу ауылы мен дарияның бергі бетінде орналасқан М.Шәмәнов ауылына газ кіргізу жобалары дайындалса, дәл осы қос елді мекен арқылы алдағы уақытта Бұқарбай батыр, Аққұм, Қаракеткен, Таң ауылдарына көгілдір отын жеткізу жоспарда бар.

Жалпы ауданның 3 жылдық даму жоспарында әрбір елді мекенде халықтың көкейтесті мәселелерді шешу көзделгенін байқаймыз. Мәселен, бір ғана Аққұм ауылында тұрғындар тарапынан көтерілген барлық мәселенің шешімі әлгі жобада толық қамтылған.

**Н.АЛМАСҚЫЗЫ**

# Таң ауылының тірлігі бекем



Алдағы екі-үш жылда ауданға қарасты елді мекендерде жарқын жобалар қолға алынып, жүйелі жұмыстар жасалмақ. Әсіресе табиғи газға қосылатын ауыл тұрғындарының қуанышында шек жоқ. Қажеттілігіне, мәселенің өзектілігіне қарай барлық ауылдық округтерде көшкер жөндеу, жарықтандыру, абаттандыру жұмыстары кезек кезеңімен атқарылады. Аудан әкімі Асқарбек Есжанов ауылдарға сапарында осындай жақсы жаңалықпен бөлісті.

Үлкен жолдан түсіп Таңға жақынды бастағанда, ауылдың кіреберісін басталған тындырымды тірлік көрген көзге қуаныш сыйлайды. Еріксіз сүйсінесің, ауылдың ажарына таңдай қағасың. Иә, барды бар деп айту керек қой. Таң ауылында тындырымды тірлік көп екеніне көз жеткіздік.

Аудан басшысы Асқарбек Есжановтың ауылдық елді мекендерге жұмыс сапарының алғашқы күні Таң ауылында қорытындыланды. Мәдениет үйінде тұрғындармен жүздескен өңір басшысы 3 жылдық ауданның даму жоспарын кеңінен тарақтатып, оның ішінде ауылдық елді мекендер мәселесін шешу де қамтылғанын жасырмады. Ал ауыл тұрғындары болса, аудан әкіміне де, ауыл әкіміне де тағатын мін жоқ екенін айтып, тек қана береке мен бірлік тіледі. Расында солай-ақ, Таңда анау айтарлықтай мәселенің жоқтығын кіреберістен-ақ бірден аңғардық. Айналымға шолу жасаған өріптімен екеуіміз мұнтаздай таза көшелер мен жасыл желектің, түрлі-түсті заманауи үлгімен салынған қоғамдық маңызы бар нысан-

дардың ауыл ажарын арттырып тұрғанына және ауыл әкімінің іскерлігін көпке үлгі қыларлықтай екен дедік.

Айта кетейік, алдағы уақытта газ кіретін елді мекендер қатарында Таң да бар. Жергілікті халықты қуанышқа бөлеген басты жаңалық та бүгін осы болды. Бұл ауылдың халқы шынында не айтсын?! Көшелері айнадай, балабақшасы тағы бар, мектебі күрделі жөндеуден өткен. Жалпы ауылды абаттандыру және халықтың тұрмыс сапасын арттыру мақсатында атқарылған жұмыстар легін тарқатамын десек, жазар дүние көп. Бір ғана облыстық мәслихат депутаты, ауылдағы «Таң ЛТД» ЖШС төрағасы Имамзада Шағыртаевтың туған жерді түлету мақсатында жүзеге асырған жарқын жобалары қаншама. Бастысы, ауылда береке бар. Оның да ауызбіршіліктің арқасында келгенін біз жақсы білеміз.

«Ауылдық жер болған соң мәселенің болмауы мүмкін емес қой. Бірақ қазіргі ауылдың ажары, дамуы, тұрғындардың тұрмыс сапасы анау айтарлықтай нашар емес. Биыл жоспарланған жобалар кезек-

кезеңімен жүзеге асты, әлі де ауылда атқарылатын жұмыстардың жүйесін естіп, біліп отырмай. Ауылға кіреберістегі «Бозарық» каналы көпірін қайта жаңғыртуға да құжаттар дайындалуда екен. Әйтеуір тіршілік тоқтап қалмай, ретімен мәселелер шешімін тауып жатса, біз ризамыз» деген ауыл ақсақалдары да табылды.

Алдағы уақытта атқарылатын жұмыстардың қатарында елді мекенге қарасты 10 ауылдық округтің учаскелік полиция инспекторларын тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмысы бар. Тәртіп сақшыларына берілетін бұл тұрғын үйлер әкімдіктің меншігінде болып, учаскелік полиция инспекторы қызмет аустырыған жағдайда келесі келетін тәртіп сақшысының пайдасына жарайтын болады. Мұны қос қолдап қолдаған ауыл тұрғындары қатынап жұмыс жасағанын ауылдағы ағайынмен етене араласып, бірлесіп жасалған жұмыстың нәтижесі жоғары болатынын жеткізді.

Жалпы ауданда жыл көлемінде атқарылып жатқан жобалардың саны отызға жуық болса, оның ішінде ауыз су, жол құрылысы, әлеуметтік нысандар, көпірлерді жөндеу, газдандыру, жарықтандыру, абаттандыру жұмыстары қамтылған. Ауыз су желілері бойынша 4 жоба, жол құрылысы 9 жоба, газдандыру бойынша 4 жоба, жарықтандыру 4 жоба, абаттандыру 4 жоба жүзеге асуда. Ал осы жылы Таң ауылының дамуына тағы

бір серпін болған жарқын жоба – Таң ауылдық дәрігерлік амбулаториясының пайдалануға берілуі. Біршама уақыт бұрын Жалағаш ауданындағы іргелі елді мекен Таң ауылы тұрғындарының көптен күткен көкейтесті мәселелерінің бірі шешімін тауып, жаңа медициналық нысан пайдалануға берілген еді. Ауыл халқының игілігіне қызмет ететін медициналық нысан «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы арқылы 140 млн теңге қаржыға салынған. Жаңа нысанда 1 дәрігер, 10 орта буын қызметкері, 2 кіші буын қызметкері ауыл тұрғындарына сапалы медициналық қызмет көрсетеді.

Айта кетейік, Таң ауылындағы №118 орта мектеп бала бойына білім дарытуда, заманның өзгерісіне бейімделе алатын, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруда бар білім-біліктерін аяған емес. Ұстаздық жолдың жауапты әрі қиын екенін жете түсінген мектеп ұжымы қай істе болсын ауызбіршілікпен жұмыс жасайды. Ал 1981 жылы пайдалануға берілген 624 орындық білім ошағы өткен жылы күрделі жөндеуден өтті. Тіпті жобадары мектеп ғимараты қазір заманауи жабдықтармен жабдықталып, талапқа сай білім беруде еш кедергімен бетпе-бет келіп отырған жоқ.

Жалпы Таң ауылының даму динамикасына келсек, тарқатып жазар дүние көп. Әсіресе бұл ауылда түрлі жарқын жобалардың жүзеге асуы жергілікті тұрғындардың тұрмыс сапасына да оң әсерін тигізуде. Ауыл – тынымсыз тірлік жасалып жатқан елді мекендердің бірі. Әсіресе ауылды көркейту, дамыту жолында жыл сайын жүйелі жұмыстар атқарылууда. Ал әлеуметтің өлеуетін көтеру мақсатындағы жұмыстардың бірі көсіпкерлерге қолдау көрсету екені белгілі. Көсіп ашып, оны дамытатын деушілерге қандаша көмек қолын созу, қайтарымыз грантка ие болуға және төмен пайызбен несие алу жұмыстарына да жәрдем беруді күн тәртібіне қойып келеміз.

Қашаннан берекелі тірлік бірлікпен бітетінін айтқан Асқарбек Темірбекұлы ауыл ағайындары үшін де алдағы жылдары игі істер қолға алынатынын айтып, тұрғындардың көңілін бір демдеді. Осылайша іргелес жатқан бірнеше елді мекеннің тыныс-тіршілігін бағамдап, тұрғындардың талап-тілегіне құлақ түріп, мәселенің шешімін хабардар еткен, ауыл ақсақалдарының ақ батасын алған өңір басшысы бүгінгі жұмыс сапарын аяқтады.

**Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ**



Қазірде ел ішінде айтылып жүрген «Жаңа Қазақстан» сөзі көпшіліктің үмітін оятты. Әсіресе ауыл халқы Президент айтқан осы сөзге ерекше мән береді және еліміздің ертеңіне сенеді.

# Ел еңбекпен еңсе түзейді

Расында қоғамның жаңаруы көп жағдайды өзгертеді. Ол үшін аса күрделі механизм ойлап табудың қажеті де шамалы. Тек билік пен халықтың арасы жақындаса болғаны. Яғни Мемлекет басшысы айтқан «Жаңа Қазақстан» билік пен халықтың өзара түсінісуінен басталуы тиіс және ондай жағдай жайлап болса да қалыптасып келеді. Келешек бұл мызғымас қағидаға айналса, халық сенімінің ақталғаны.

Апта басынан бері аудан әкімі Асқарбек Есжановтың аудан халқына есеп беруі жалғасып келеді. Сәрсенбі күні аудан басшысы шалғайдағы Аққыр ауылының тұрғындарымен кездесті.

Айта кету керек, Аққыр – ауданнан ең шалғай орналасқан елді мекен. Алайда, бұл ауылдың түптің түзу шығары. Өйткені, ауылға береке үйіріп, бірлігін сақтап отырған ақсақалдары мен елағалары бар. Бірлесіп жарасымды тірлік кешіп жатыр. Өткен ғасырдың бел ортасында қаракөл-қой совхозы болып құрылған Аққырда сол кезеңде қырық мыңға жуық қой болған. Ет және қаракөл бағытында өсірілген қойдың өнімі елімізді етпен қамтамасыз еткен. Ал алтынның құнымен шамалас бағаланған қаракөл елтірісі өңделіп, бүкілодақтық нарыққа шығарылған. Қойдан бөлек түйе, жылқы, сиыр сияқты төрт түлкінің түрлері де өсірілді. Егін шаруашылығымен түбегейлі айналыспаса да, ауыл тұрғындары бақша өнімдерін базардан сатып алған жоқ. Тың жерлердің көбісі игеріліп, бидай, қызылша, жүгері, құнбағыс та егілді.

Әрине бүгінде Қызылқұм қойнауында мыңғырған мал да, алқаптарында жайқалған бақша да жоқ. Алайда аққырлықтар қол қусырып қарап отыруды жөн көрмейді. Тырбанып шама-шарқыны тиішкілі етіп жатыр. Қорасына мыл ұстап, ауласына бау-бақша салып отырғандар да бар. Көбі ет пен сүтті және бақша өнімдерін базардан алмайды, керісінше ара-тұра болса да адал еңбекпен тапқандарын сатып, пұл қылады.

Осындай бірлігі жарасқан ауыл тұрғындарының алдында есеп берген Асқарбек Темірбекұлы алдымен аудан бойынша атқарылған жұмыстарды рет-ретімен баяндады. Келер жылы ауданымызда жалпы құны 4,7 млрд теңгені құрайтын 46 аққұмдық жоба жүзеге асырылады және олардың барлығы да ауданның экономикалық өлеуетіне оң әсерін тигізеді деп күтілуде. Аудан әкімі бұл бағытта жасалып жатқан жұмыс қарқыны күшеймесе, бәсеңдемейтінін айтты. Атап айтсақ, аталған жобалар аясында аудан халқының, әсіресе ауыл тұрғындарының тұрмысына аса қажетті аяқ су мәселесін шешу, аудан мен ауылдардың арасын жалғайтын автомобиль жолдарын қалпына келтіру, елді мекендердің ішкі көшелерін күрделі жөндеуден өткізу және асфальттау, Сырдария өзеніндегі көпірді жаңғырту, электр желілерін жаңалау, аудан орталығына жақын ауылдарға табиғи газ құбырын тарту жұмыстары жоспарланған. Сонымен бірге ауылда клуб үйі мен емхана ғимаратының құрылысы басталады.

Аудан басшысы кездесу барысында Аққыр ауылында атқарылған жұмыстарға және алдағы уақытта жүзеге асатын жобаларға арнайы тоқталды. Биыл аталған ауылда бір көше асфальтталып, футбол алаңы күрделі жөндеуден өтіп, жаңартылған. Ауылда ауыз су және электр желісіне қатысты мәселе жоқ. Толық шешілген. Келер жылы тілсіз жобадары жаңа клуб салынатын болды және бес көше күрделі жөндеуден өтеді.

Әйтсе де Аққыр ауылында мәселе жоқ емес. Оның бастысы – аяқ су. Бұл мәселеге байланысты жауап берген аудан әкімі соңғы жылдары трансшекаралық өзен – Сырдарияның арнасы тартылып, аяқ су тапшылығы ауыл шаруашылығының төңірегіндегі ең өзекті мәселеге айналып бара жатқанын және оның алдын алуда ауданымызда жоспарлы түрде шаралар жасалып жатқанын жеткізді. Атап айтсақ, келер жылы дарияның табанынан қашық жатқан Қаракеткен мен Жаңаталап ауылдарынан су ұңғымаларын бұрғылау жұмыстары басталмақ. Нәтижесінде, жарасты суларын пайдалану арқылы егістікке және шабындық жерлерге су апаруға мүмкіндік туады. Ал бау-бақша егетін Аққыр ауылы үшін келер жылдан бастап қуаты жоғары су тартатын электрлі насос іске қосылады.

Одан бөлек, ауыл тұрғындары ауылға пошта бөлімшесінің қажеттілігін және ауыл шаруашылығына арналған техникалардың жеткіліксіздігін айтты. Тұрғындардың талап-тілегінің негізінде тиісті бөлім басшыларына аталған мәселелерді зерттеп, сарапал заңға сәйкес шешуді тапсырды.

Аудан әкімі Асқарбек Есжанов сапарын одан әрі жалғап, жоспарланған бағыты бойынша Жаңаталап ауылына ат басын бұрды. Жаңаталап аядай ауыл болғанымен, халқының ауызбіршілігі мығым және өте еңбекқор. Күрші ауылдың қазіргі ахуалы орташа. Аудан басшысы ауыл тұрғындарына атқарылған жұмыстарды рет-ретімен баяндады. Бұл жақта да басты мәселе – аяқ су. Жаз бойы жер өміп, непақасын табатын ауылдағы шаруалардың бүгінде аяқ судан өзге уайымы жоқ. Бірақ жоғарыда айтқанымыздай, бұйырғаса, жаңаталаптықтар келер жылы жер асты суларын көдеге жарататын болады. Ауыл тұрғындары тарапынан ауыз су мұнарасының ескіріп, шырігені айтылды. Бұған байланысты «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы Мұрат Елеусінов жауап беріп, ауылдағы су мұнарасын ауыстыруға тиісті қаржы бөлінгенін және келер жылы жаңаланатынын жеткізді.

Әкімдердің халық алдында есеп беруі – бірнеше жылдан бері қалыптасқан үрдіс. Бірақ биыл аудан басшысы бастаған топ жайғасып, жайланып отырмай, атқарылған жұмыстар жөнінде тік тұрып есеп берді. Бұны да ауыл халқы жаңа Қазақстан билігіндегі оң өзгеріс, билік пен халық арасын жақындатудың алғы шарты ретінде жылы көңілмен қабылдады.

Салыстырмалы түрде сараласақ, ауылдардың жағдайы, ауыл халқының тұрмысы кешегіден бүгін жақсы. Егер жергілікті билік пен бұқараның арасы жақындай түссе, ертен ауылдардың әлеуметтік ахуалы бұдан да жақсарады деген үміт басым.

**Қуат АХЕТОВ**



